

Меморандум

О взаимодействии и сотрудничестве между РГУ «Департамент Комитета технического регулирования и метрологии по г.Алматы» и РОО «Национальная лига потребителей»

г.Алматы

«22» февраля 2023 год

РГУ «Департамент Комитета технического регулирования и метрологии» по г. Алматы, в лице руководителя Капаева Сауыкбека Ариповича с одной стороны и Республиканское Общественное Объединение «Национальная лига потребителей», в лице президента Романовской Светланы Юрьевной совместно именуемые в дальнейшем «Стороны», настоящим заключает Меморандум о взаимопонимании и сотрудничестве (далее – Меморандум) в сфере обеспечения внутреннего рынка безопасной продукцией, взаимного обмена информацией, в целях защиты потребителей от небезопасной и некачественной продукции, ввозимых и реализуемых на территории г.Алматы.

Статья 1

Целями настоящего Меморандума являются взаимодействие сторон в сфере технического регулирования, стандартизации, метрологии по вопросам защиты прав потребителей.

Взаимодействие Сторон проводится путем использования их опыта, информационных и технических ресурсов, предоставления взаимной методической и консультационной помощи по вопросам обеспечения и защиты прав потребителей.

Статья 2

С учетом и в зависимости от имеющихся и ресурсов Сторон возможны следующие формы сотрудничества, осуществляемые в рамках настоящего Меморандума:

- координация усилий для эффективного развития партнерских отношений;
- обмен информацией по фактам нарушения прав потребителей;
- обучение, повышение квалификации представителей, специалистов и экспертов, посредством проведения специальных семинаров, тренингов, круглых столов, рабочих встреч и других соответствующих совместных мероприятий;

- обмен опытом и внедрение в практику передовых достижений в области защиты прав потребителей, предупреждения и нарушения законов РК;

- участие в пресс-конференциях, семинарах, круглых столах, научно-практических конференциях связанным с защитой прав потребителей;

- разъяснение действующего законодательства в области технического регулирования и метрологии;

- иные формы сотрудничества, представляющие взаимный интерес и согласованные между Сторонами.

Статья 3

Вся информация в рамках данного Меморандума, без согласия предоставившей ее стороны, не может быть использована в иных целях, чем те, с которыми она запрашивалась и была предоставлена.

Статья 4

Поправки и дополнения в настоящий Меморандум о взаимопонимании могут вноситься в любое время по взаимному согласию обеих Сторон.

Споры между Сторонами относительно толкования и/или соблюдения положений настоящего Меморандума решаются путем переговоров и консультаций.

Статья 5

Настоящий Меморандум вводится в действие со дня его подписания Сторонами и действует бессрочно.

Стороны могут прекратить действие настоящего Меморандума, уведомив об этом в письменном виде другую Сторону не менее чем за один месяц.

Все принятые решения в рамках настоящего Меморандума закрепляются подписями двух сторон, участниками данного Меморандума.

Статья 6

Данный Меморандум не влечет за собой каких-либо юридических и финансовых обязательств по осуществлению совместной деятельности.

Никакие действия в рамках данного Меморандума не должны ущемлять полномочия и права ни одной из Сторон.

Настоящий Меморандум заключен в городе Алматы «22» феврале 2023 года на государственном и официальном языках в двух подлинных экземплярах для каждой из Сторон, которые имеют одинаковую юридическую силу.

Руководитель
РГУ «Департамент Комитета
технического регулирования и
метрологии» по г. Алматы



Капаев С.А.

Председатель
РОО «Национальная лига
потребителей»



Романовская С.Ю.

Меморандум

«Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті» РММ мен «Ұлттық тұтынушылар лигасы» Республикалық қоғамдық бірлестігі арасындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы

Алматы қаласы

"22" ақпан 2023 жыл

"Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" РММ, атынан басшысы Сауықбек Әріпұлы Қапаев бір тараптан және «Ұлттық тұтынушылар лигасы» Республикалық қоғамдық бірлестігі атынан президент Романовская Светлана Юрьевна, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын тұтынушыларды Алматы қаласының аумағына әкелінетін және өткізілетін қауіпсіз емес және сапасыз өнімдерден қорғау мақсатында ішкі нарықты қауіпсіз өніммен қамтамасыз ету, өзара ақпарат алмасу саласында өзара түсіністік және ынтымақтастық Меморандумы (бұдан әрі – Меморандум) жасалды.

1-бап

Осы Меморандумның мақсаты Тараптардың техникалық реттеу, стандарттау, метрология саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимылы болып табылады.

Тараптардың өзара іс-қимылы олардың тәжірибесін, ақпараттық және техникалық ресурстарын пайдалану, қауіпсіз өнімнің ішкі нарығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара әдістемелік және консультациялық көмек көрсету арқылы жүргізіледі.

2-бап

Тараптардың қолда бар және ресурстарына байланысты осы Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын ынтымақтастықтың мынадай нысандары болуы мүмкін:

- серіктестік қатынастарды тиімді дамыту үшін күш-жігерді үйлестіру;
- тұтынушылардың құқықтарын бұзу фактілері бойынша ақпарат алмасу;
- арнайы семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, жұмыс кездесулері және басқа да тиісті бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы өкілдерді, мамандар мен сарапшыларды оқыту, біліктілігін арттыру;

- тұтынушылардың құқықтарын қорғауға байланысты баспасөз конференцияларына, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу;

- техникалық реттеу және метрология саласындағы қолданыстағы заңнаманы түсіндіру;

- өзара мүддені білдіретін және Тараптар арасында келісілген ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

3-бап

Осы меморандум шеңберіндегі барлық ақпарат оны берген Тараптың келісімінсіз ол сұралған және ұсынылған мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдаланыла алмайды.

4-бап

Осы өзара түсіністік туралы Меморандумға түзетулер мен толықтырулар екі тараптың өзара келісімі бойынша кез келген уақытта енгізілуі мүмкін.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге және/немесе сақтауға қатысты Тараптар арасындағы даулар келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

5-бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және мерзімсіз әрекет етеді.

Тараптар бұл туралы кемінде бір ай бұрын екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлай отырып, осы Меморандумның қолданылуын тоқтата алады.

Осы Меморандум шеңберінде қабылданған барлық шешімдер екі тараптың қолдарымен, осы Меморандумға қатысушылармен бекітіледі.

6-бап

Осы Меморандум бірлескен қызметті жүзеге асыру бойынша қандай да бір заңды және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайды.

Осы Меморандум шеңберінде ешқандай іс-әрекет Тараптардың бірде-бірінің өкілеттіктері мен құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс.

Осы Меморандум Алматы қаласында " 22 " ақпан 2023 жылы мемлекеттік және ресми тілдерде, екі түпнұсқа данада жасалды, және олар бірдей заңды күште.

Техникалық реттеу және
метрология комитетінің
Алматы қаласы бойынша
департаментінің басшысы



«Ұлттық тұтынушылар лигасы»
Республикалық қоғамдық
бірлестігі президенті

